

## 2017 жылы әскерге шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 желтоқсанда № 4065 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2017 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің 1 тармағында көрсетілген азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды өткізу қорытындысы туралы ақпарат 2017 жылдың 7 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылсын.

3. Осы шешімінің орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары К. К. Глеубергеновке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Аймаков*